

ӘОЖ 72.81-10

ҒАБДОЛЛА ТОҚАЙ ӨЛЕҢДРІНДЕГІ ТУҒАН ЖЕР ФРАГМЕНТТЕРІ

Шакіржан Естемес

ydanasultana@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар факультеті, түркітану мамандығының
1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Ж. Шарип

Адам нәсілі үшін жазудан өткен өміршең ештеңе жоқ көрінеді. Өзелден-ақ адамзаттың қиялы мен қабілеті, үрейі мен мерейі жартастардан басталған жазу, сызу жәйімен сипатталып, адам атаулының арман-мұратының туған жері – ақ қағаздың алып өрісі болып келіпті. Ежелгі бабалар бастапқыда үңгірден ұзап шыға алмаған тәрізді. Сөйтіп, сыртқы қатерден үрейлене отырып, ішкі ымырасын сақтап қалуға мүмкіндік алған. Сол мүмкіндіктер тас үңірді қасиетті санап, қорғап бағуға жетелеп отырған. Әлдебір жартасқа қашалған көркем

өнердің тұмаса бейнесі санаға сан салалы тіршілік құпиясын елестетеді. Онда тастағы қашалған сызбада тас үңгірдің ауызына жанталаса қашып бара жатқан қолына найза ұстаған аңшы образы бейнеленген. Адамдардың алғашқы тіршілік қонысы дүниеге келген жері болуымен қатар жан сақтайтын құтқарушы жұмағы, қасиетті қағбасы да болған ұқсайды. Үйткені үрей – үстем күшке табынуға жетелеген. Сондан бері күллі адамзат цивилизациясы сан мыңдаған өзгерулер мен өңделіулер, кемелденуімен, көркемделіу кезеңдерінен өтті. Ежелгі Эллада мен Рим, Египет пен Вавилон, Қытай мен Үнді мәдениетінде, орта ғасыр ресананнс кезінде, кейінгі ғасырлардағы әдебиет, бейнелеу, музыка т.б өнердің сан салалы түрлерінің бәрінде туған жер, ата мекен тақырыбы беломыртқа көрініс болды. Құрығы табиғатқа толассыз түсіп тұратын атүсті көшпеллілерінің туған жермен тіршілігі өзектес болып, өзгеше қатынаста өрбіп отырыпты.

Психоаналитиканың негізін салушы атақты ғалым Карл Юнгтың пайымынша кез-келген өнер түріне ен салған таланттар қауымының қалыптасып кемелденуі мен жылт етіп көрінуі де өзінің шырылдап дауыс шығарған даласына, кіндік қаны тамған туған топырағына байланысты екен. Географиялық кеңістік – тіршілік иесінің күн көрісі мен ақыл өрісіне етене болып, сана-сезімін қамшылап өзге кеңістікке кереге жаюына ықпалды екен. Адамның туған мекенге деген ықыласы өнер атауылының белбаласы көркем әдебиетке кенжелеп келе қоймаған. Бұған көшпелілердің ауыз әдебиеті үлгілері, аңыз-ертегі, жыр-дастандар дәлел. Сақтар кезеңінде Арал, Сырдария; Түрік дәуіріндегі Алтай, Орхон; Орта ғасыр ұлы Шыңғысхан шеңберіндегі тұтас орта, шығыс, түстік Азия; қазақ хандығы дәуіріндегі мемлекеттік байтақ территория – жербесік үшін ата-бабалар күресінің тарихи, саяси, рухани парасат шежіресі.

Кісі баласы үшін әуелден ардақты саналған жербесік әртүрлі аласапаыран шақта адамның күллі жан дүниесі байлауы жатқан тарам-тарам қан тамырының киелі қазығындай сәлихалы ұғымға көтерілген. 20 ғасырдың басында осындай алағай кезеңдегі әдебиетте, мәдениетте, саясатта Орыс отаршылығына қарсы көтерілген орта Азия интелегенциясы мен ағартушы, ғалымдар мен ақын-жазушылар болды. Олардың бірден бір мұрат-мақсаты дербес ұлттық автономия, құқықтық мемлекеттікті сақтап қалу еді. Бұл түптеп келгенде өткен бабалардан мирас боп қалған өз тұрақ-мекенін келешектің үлесіне аманат ету болытын. Осы кезеңде орта Азиядағы басқа түркі тектес халықтарға қарағанда Татар қоғамының даму белсенділігі айтарлықтай болып, әдебиет пен мәдениеттің ілгері басуына айырықша ықпал жасады. Әрі түркі тектес халықтар арасында әдеби байланыс кеңінен өріс алды. 20 ғасырдың басында өмір сүрген Татар ұлтының классигі Ғабдолла Тоқай шығармашылығы аталмыш кезеңдегі күллі түркі халықтардың идеялық, рухани мүддесіннің ортақ сипатын бейнелей алумен еркешеленді.

Көркем әдебиеттің даму эволюциясы – адам жанның терең зерделенуі, реализмнің өнер кеңістігіне дендеп енуімен алға жылжып сала берді. Еуропаның саясат сахынансынан бастап, өнер ордасына лап қойған 20ғасырдағы қаптаған измдер (Пангерманизм, Еуроцентризм, кейін шығыста Панисламизм, пантуркизм т.б) Евро-славиян халықтарының далалықтарды ұтыс ойнына тіккен "ақсүйек" армандарын іске асыруына қарманып баққанын ашық көрсетіп бергенді. Ол заманда әдебиеттің жүгі ауыр болды. Үстем елдердің қабағын баққан саяси көзқарастарды ұлттық мүдденің бекемделуі жолындағы үгітке айналдыра білу ғана ұпай түгендеудің ұтымды жолы болып қалды. Мұның бәрі ежлден өнердің еңбекқор енесі болып табылатын әдебиеттің аналық парызына айналды. Оның үстіне қоғамдағы әлеуметті қайшылықтар лирикада бірден көрінс тауып отыру заңды үрдіске саналды. Азаматтық бостандық, демократия идеалары кең тарап, сол тұстағы қозағалыс өршіген тұс орыс әдебиетінде Пушкин сияқты ұлы лирікті әкелді. Ал, ондай қозғалыстық жеңілсіке ұшырап, күйзелген тұсы, әсіресе өз бостандығын аңсап секем үстінде күн кешкен ұлттырдың шерменде кезеңі сол идеяларды жалғастырушы Ғабдолла сияқты отаншыл ақынды берді.

Ақын болу айтатын бірдеңең болуы керек. Тұсалған түйедей тырбақтап жүріп асулы өнер кезеңін баса қоюың қиын. Ғабдолланың заманы жалпы мемлекеттердің жасақталуы,

жалқы халықтардың жан сақтауы кезеңіне дөп келгедіктен оның ұлт дегенде жүрегі қысаңға қамалған тайлақтай боздап қоя берердей.

Ұлтым жәйлі тәтті қиял, ұлтым жәйлі тәтті арман,
Қандай бақыт ұлт алдында парызыңды атқарған!
Тәңірім, мені ақын қылшы, ақын қылшы мәңгілік,
Мен елімді жырлап өтем, жырлап өтем ән қылып!
О, жаратқан! Ғұмырымды керегі жоқ ұзартып,
Ескерусіз ұмытылғаннан өлгенімнің өзі артық!

Әу, деп қалам тартқан ақынның айтары әлеуметке өзін қалтықсыз арнайтын жан сыры. Ғасыр басындағы татар зиялылары кітап, баспа ісін өнімді жүргізе бастады. Бұл әрине жазуға ниеттеніп, қаламгершілікке ден қойған жастарға қанат бітірді. Бірақ екі ауыл, ескі қауымның әләуләйнән аса қоймайтын ақыншығарларға да аз жел бітіре қоймағаны белгілі. Ғабдолланың ірі азаматтық пафусқа, іргелі әлеуметтік қайшылыққа бірден ден қойып, биік ақындық кеңістікке саналы ұмтылыспен келуі оның әлгіндей отаншылдық идеяның идеалды өкіліне айнала алғандығында болуы керек. Ақындықтың әуелгі парызы – өзі ғұмыр кешкен дәуір мен әлеуметтік ортада шын мәніндегі азаматтық таным, тұлғасын мінсіз қалдыра алуы. Бұған Байрон, Гейне, Пушкин, Лермонтов, Абай, Мағжандардың ақындық жолы дәлел.

Ғабдолла азаттықтың жыршысы. Бұл еркіндікке ұмтылған ғасыр басындағы нағыз елжанды бір шоғыр алаугер ақындардың ғана сыбағасы. Р. Бердібаев « Ғабдолла Тоқай халық азаттығының жыршысы бола білді, көп өлеңдерінде ол еркіндіктен қымбат байлық жоқ екенін тібірене толғайды; өзінің барлық сана, ақыл, қайратын осы нысанаға бағыштайтынын айтады. <<Ұлт жыртығын инемен жамайық тез, жамау – сыя, ине – қалам болсын енді>>, дейді ақын. Тағы бірде осы пікірін << Елге еңбек етелік, қорлықты да, зорлықты да тас-талқан қып өтелік>>, деп үстемелейді; татар халқының мүшкіл халіне жаны ауырады, елді тығырықтан алып шығатын ер туса деп арман етеді. Бірақ бостандық үшін күрес жолы ауыр, халыққа теңдік әперемін деп қайраттанған небір қаһарман қиындыққа да, кнздейсоқтыққа жа төзуі, үміт отын сөндірмеуі керектігін ескертеді» –деп оның халқшылдығын жоғары бағалайды.

Ақынның жан әлемінде шырыл қаққан презенттік сезім, еркіндікті аңсаған халықтың арман түптеп келгенде оның әуелгі өспірім шағы өткен өшпес таңбалы туған мекенінен басталады. Ғасырлар бойы бір арнадан (анадан) өрбіген адамзат нәсілі үшін жербетінің әрбір пұшпағы өзі туғандағы алғашқы еншілі жербесігі және қанат қағатын алып кеңістігі сіпетті көрінеді. Жазушы Ш. Айтматов: «Ең кемінде өзінің кіндік қаның тамған жерің туралы ойлағанда, жалпы дүние туралы ақыл қозғайсың»– дейді. Демек, туған жер дегеніміз – бүкіл әлемнің кішірейтілген микросимволы болғаны. Ал оның сан-салалы құпиясын, тарам-тарам жылға-ағынын көру үшін асқан ақыл, ұғымтал зерде керек болғаны ғой!

Кеш еді. Шаттанып шапақ шашып, ай жарқырайды,
Ақырын ескен желменен жапырақ ойнап, ағаш бастары қалтырайды.
Төңірек жым-жырт. Өтеді ойлар ұйтқып бастан,
Дене дел-сал, көз алдын көлегейлеп ұйқы басқан.
Бір заман көзімді ашсам, жат дала жалғасты кеп,
Айрылу елден ауыр болды, бұл даланы көруім алғашқы рет.
Сау бол енді, қош бол енді, бақұл бол туған жерім.
Мен былай, солай етемін деп түрлі ойды қуған жерім.
Қош, күндерім өткен шаһарым, қалдыңыз алыс,
Аһ, ата мекенім ғайып болып, жоғалдыңыз көзден таныс.

(Ғ. Тоқай өлеңдері,–Астана: Халықаралық түркі академиясы,2016–150 бет, 51-бет)

Жаратылысты көркін байқай алу әсте ақылдың ғана ісі ма? Ақынның дәл осы өлең жолдары 12 ғасырда ғұмыр кешкен Жапонның атақты дәуіш ақыны Сайгёні еске салады.

Неге екенін... дәл қазір
Үмітсіз қалыпта

Аспанның құшағы.
Қалың тұманды бүркеніп,
Қараша қаздар ұшады.

Қалықтап ұшқан қаздар,
Сендер адасасыңдар -ау
Солтүстікке барар жолда.
Кош–но Накаямо тауы
Тұманға тұншыққан ол да.

(Қараша қаздар тұманда ұшады)

Тоқайды жат жұртқа аяқ басу емес, көзтаным мекенен көз айрыу қинайды. Оны желінсыздатар кісінеуік құлыншырылға салғаны және де туған жерден кетіп бара жатқаны емес, оралмастай ұзап бара жатқаны. Қайтпас қалыптағы қынжылысы. Ақын туған жерден кетіп бара жатқандай емес, бұ дүниеден көшіп бара жатқандай!

12ғасырда Жапон поэзиясындағы алғашқы дәруіш ақын, еркеше тағдыр иесі Сайгё таудағы лашық үшін салтанатты сарайды тастады. Мұнда шағын ғана жыр жолындағы мүлтісіз үйлесім, көбелектің қанат суылындай нәзік бояу, таң шығына малынған арудың көздеріндей нәркез поэтикалық леп өнер құдіреті. Тоқай өзінің туған жеріне оралмастай халін ұғып, аһ ұрады. Сайгё қараша қаздардың адасып кетіп, қайта ораламайтынын сезіп қиналады. Сайгё өлеңінен күллі жапон табиғатының, жапон өмірінің, жапон мәдениетінің лебі еседі. Ғабдолла жырынан парат жеккен дала елінің мәнері көрінеді. Осы сезім-көрінісін қандай да бір парасат иесінің дәл осы екі ақындай жеткізе алуы беймүмкін. Себебі бұнда сезім бар, туған мекенен ұзап кетудің өтеуіне берілетін ұлы сағыныш бебеуі бар. Аядай мекенен бастау алып адам санасының табиғатпен етене байланысқан тіршілік салтанатының жаратылыс кеңістігіндегі сарқыты – табиғат пен адам бейнесі бар. Туған жер қасиетінің төркіні осы сағынышта, оралмастай сағынышты құшып өкісіп қалатын – Тағдырда.

Көркем әдебиеттің даму эволюциясы – адам жанның терең зерделенуі, реализмнің өнер кеңістігіне дендеп енуімен алға жылжып сала берді. Бұл қалыпты үрдістен гөрі өліра шақтағы азаматтық, гуманистық позицияның лирикада көрініс табуына әлдеқайда оңтайлы болды. Себебі реализм әлеуметтік, саяси қатынасатар бетпердесін ашуда қаламгерлер ойының боямасыз өткізгіші қызыметінде әрі ұзақ уақыт бойы көнтақымданып қалған халық ақыл-ойының адамзаттық кеңістікке ұмтылуына қозғаушы ретінде игі әсерін берді. Ғ. Тоқай өлеңдеріде қоғамның саяси, әлеуметтік көріністерін реалистік тұрғыда сипаттады.

Тіршілік бұл қалай оңар?
Жалаңаштар күнде тоңар,
Жарлыларды байлар тоңар,
Мен жыламай, кім жылайды?
Кең даланы сайран еттік,
Туыстарды қайран еттік.
Ой мен қырды ойран еттік,
Мен жыламай, кім жыласын?!

(Ғ. Тоқай өлеңдері, « бақырғанның зары»)

Ақынды Күрделі саяси-әлеуметтік өзгерістер тұсындағы татар қауымның бейқамдығы аландатады. Қоғамның бай-кедей болып түрлі алапес әлеуметтік жікке тұрлаусыз бөлінуі шын мәніндегі халықтың дербестікке қарсы арнайы жасалып отырған үстемжаулаушылыққа қауымның харекетсіз құрбан болып бара жатқаны авторға ең үлкен трагедия болып көрінеді. Бұның себебі ғылымсыздық, сауатсыздықта. Өзгеріске толы кезеңдегі – өзімшілдік, ұлт мүддесі талқыда тұрғандағы – талапсыздық. Өз еншісін өзі қоғай алмай, басындағы бағалай алмаған бейқам аярлық ақынды «бақырғанның зарына» итермелейді. Себебі, Бұл өзіндегіні өркендете алғанның ғана, өзгені толғандыра алатынын, өзінікін жете игергеннің ғана, өзгелер үйренетіндей ізгілік көрсете алатынын ұқтырып кеткен тарих сабағы. Әйтпесе, өзіндікімен

таңғалдыра алмасаң, өзгенікіне таңғалумен ғана өтесің. Бұл түптеп келгенде «ой мен қырды ойран етіп», отаннан, туған мекеннен айратын аяусыз кіріптарлыққа жеткізеді.

Сол себепті де, туған жер дегенде әлдебір алшапқын күй кешіп, құлақ түрер ақының жаны ерекше. Тәбиғат ана (туған жер) бауырына бұққан бес елі қазы көркін бейсауат кісінің жәйдақ жанарына көлденең тартпайтын көрінеді.

Толқының батырмады соққанменен,
Өртіңе шарпылмады менің денем.
Түсіндім, сол себепті туған жерім,
Сүйкімді, толқының да өртің сенің!
Үрген ит, маңыраған қой, сиырларың...
Жез тырнақ, бөріңді де сүйем бәрін!

Біздің шығыстық хикаядаларда жезтырнақтан өткен жағымсыз ештеңе жоқ. Бала шақтағы ертегі-жырмен аңғал аңсарын жәйлап алған жезтырнақты көңіл күнгейіне көтеріп әспеттеу – тосын әрі таңсық ұғым. Жүрек қайнарынан бұлқынып шыққан бұла сезім ақынның туған жерге деген шексіз ықыласын жан диалектикасындағы биік махаббат мұнарасындай асқақтатып көрсетеді. Ғ. Тоқай өлеңдеріндегі поэтикалық нақыштарда табиғат көркінісінің жан гармониясымен астасқан адам болымысының айнасындай дәлдік бар. Оның үстіне, тас үнгірден әзелде ұзап шыға қоймаған адамзаттың аңғал кезіндегі кеңістігі тар болмаған көрінеді. Сол себепті даму эволюциясындағы түрлі қайшылықтар мен тіршілік дағдысы поэтикалық үрдісті қамшылап отырыпты. Ғабдолла Тоқай өлеңдерінің отаншылдық сипатының төркіні де – ту алыстан мұнартып, ат тезегін құрғатпай аңсататын туған ауыл деп түснеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. "Ғабдолла тоқай тағылымы". Ғылым баспасы, Астана-2015.
2. Ж. Әскербекқызы"Сакура гүлдегенде"- Астана : Аударма, 2010. - 190 б.
3. "Ғабдолла Тоқай өлеңдері"/"ғылым"баспасы. -Астана, 2016.
4. Н. Келімбетов, Ә. Қанафин, "Түркі халықтары әдебиеті", -Алматы, "рауан"1996.
5. Т. Тоқпергенов"Ай мүйіз", -Алматы, "жалын», 1990.